

Ленин

КК(Ф)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің өкілдері депутаттарының облыстық Советінің және КК(Ф)П Қазақстан облыстық комитетінің газеті

Шығуына
27-шы жыл
№ 33
(6993)
1945 жыл
Сенбі
17 февраль
Жеке саны
20 тыйын

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

**1-Украин майданы әскерлерінің қолбасшысы
Советтер Одағының Маршалы КОНЕВҚА
Майдан штабының бастығы
Армия генералы СОКОЛОВСКИЙГЕ**

1-УКРАИН майданының әскерлері шабуылды дамыта отырып, бүгін, 15 февральда, неміс Силезиясының жерінде қатынас жолдарының маңызды тораптары және немістердің қорғанатын қуатты тіректі бекіністері—ГРЮНБЕРГ қаласын, Бранденбург провинциясында ЗОММЕРФЕЛЬД және ЗОРАУ қалаларын алды.

ГРЮНБЕРГ, ЗОММЕРФЕЛЬД және ЗОРАУ қалаларын алу ұрыстарында генерал-полковник ГОРДОВТЫҢ, генерал-полковник ПУХОВТЫҢ, генерал-лейтенант ЛЮБАРСКИЙДІҢ, генерал-лейтенант МАЛАНДИННІҢ, генерал-майор ЯМАНОВТЫҢ, генерал-лейтенант ГЛУХОВТЫҢ, генерал-майор ПУЗИКОВТЫҢ, генерал-майор ОНУПРИЕНКОНЫҢ, генерал-майор САМСОНОВТЫҢ, генерал-майор КОЛОбОВТЫҢ, генерал-майор КРАСНОВТЫҢ, генерал-майор ЧЕРВОНИЙДІҢ, полковник ЭПИННІҢ, полковник ЖУКОВТЫҢ, полковник ВОЛКОВИЧТИҢ әскерлері; генерал-полковник ЛЕЛЮШЕНКОНЫҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры УПМАННЫҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры КОРОЛЕВТИҢ, полковник САДОВСКИЙДІҢ, полковник ОРЛОВТЫҢ, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты БЕЛОВТЫҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры ФОМИНЫХТЫҢ, полковник ТУРКИННІҢ, подполковник МАХНОНЫҢ, майор ДЕМЕНТЬЕВТИҢ, полковник ЕФИМОВТЫҢ, полковник ДЕНИСОВТЫҢ, подполковник ЗАЙЦЕВТИҢ, полковник ФОМИЧЕВТИҢ, подполковник ФЕДОРОВТЫҢ, майор ТУРЧАНОВТЫҢ, подполковник ИВАНОВТЫҢ, майор КУРЦОВТЫҢ, майор СТОЛЯРОВТЫҢ танкішілері; артиллерия генерал-майоры ДЗЕВУЛЬСКИЙДІҢ, артиллерия генерал-майоры МЕНЧУКОВТЫҢ, артиллерия генерал-лейтенанты КУБЕЕВТИҢ, артиллерия генерал-майоры ВОЛКЕНШТЕЙННІҢ, артиллерия генерал-майоры ХУСИДТЫҢ, полковник ПЕТРУНЯНЫҢ, подполковник ЦЕСАРЬДІҢ, полковник ГУДИМОВТЫҢ, полковник ВОИНОВТЫҢ, полковник ДИДЫКТЫҢ, подполковник ЗАСЫПКИННІҢ, полковник ЛУСТИННІҢ, полковник КОЗЛОВТЫҢ, подполковник ГРАЧЕВТИҢ, подполковник ЗЫЛЬДІҢ, подполковник ВИЛИНСКИЙДІҢ, майор ТИМОШЕНКОНЫҢ, майор БАБУРИННІҢ артиллерияшылары; авиация генерал-полковнигі КРАСОВСКИЙДІҢ, авиация генерал-майоры ПРОНИННІҢ, авиация генерал-майоры ЗАБАЛУЕВТИҢ, авиация генерал-майоры СЛЮСАРЕВТИҢ, полковник ОСАДЧИЙДІҢ, подполковник СЕМЬНОВТЫҢ, полковник БОЛОМЕЙЦЕВТИҢ ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-майоры ГУСЕВТИҢ, инженерлік әскерлердің генерал-майоры ВАРВАРКИННІҢ, полковник ПОЛУЖКОВТЫҢ, полковник ЗАЙЦЕВТИҢ, полковник КОЛЯВКОВЫҢ, подполковник ЧЕЛОМОВИТЬКОНЫҢ саперлері; байланыс әскерлерінің генерал-майоры АХИМЕНКОНЫҢ, полковник СИМХОВИЧТИҢ, полковник ОСТРЕНКОНЫҢ, подполковник БУДКЕВИЧТИҢ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, ГРЮНБЕРГ, ЗОММЕРФЕЛЬД және ЗОРАУ қалаларын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер ордендер мен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 15 февральда, 23 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жыйырма төрт зеңбіректен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып, аталған қалаларды алған 1-УКРАИН майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

Аталған қалаларды алу ұрыстарына қатысқан Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

**Жоғарғы Бас қолбасшы
Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.**

1945 жылғы 15 февраль.

**Өлкелік Халық Кеңесінің Президенті Берут мырза мен
Польша Республикасы Уақытша Үкметінің бас Министрі
әрі Сыртқы Істер Министрі Э. Осубка-Моравский
мырзаның Москваға келуі**

14 февральда Өлкелік Халық Кеңесінің Президенті Б. Берут мырза мен Польша Республикасы Уақытша Үкметінің Бас Министрі әрі Сыртқы Істер Министрі Э. Осубка-Моравский мырза Москваға келді.

Аэродромда Б. Берут және Э. Осубка-Моравский мырзаларды СССР Сыртқы Істер Халық Комиссарының Орынбасары А. Я. Вышинский, СССР Сыртқы Істер Халық Комиссариатының 4-Европалық Бөлімінің Меңгерушісі В. А. Горин, СССР Сыртқы Істер Халық Комиссариатының Протокол

Бөлімі Меңгерушісінің Орынбасары Г. И. Фомин, Отан Қорғау Халық Комиссариатының Сыртқы Қарым-қатынас Бөлімінің Бастығы генерал-майор М. П. Кутузов, сол сияқты Польшаның СССР-дағы елшісі С. Модзевский мырзаның басқаруындағы Москвадағы Польша Елшілігінің дипломатиялық қызметкерлері қарсы алды.

Б. Берут және Э. Осубка-Моравский мырзалармен бірге Советтер Одағының Польшадағы елшісі В. З. Лебедев Москваға келді.

**Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер
Одағының Маршалы Сталин жолдас бас-
таған батыр Қызыл Армия күн сайын
батысқа қарай алға басуда, сөйтіп
Берлин үстінде жеңіс туын тігетін күн
ді жақындатуда.**

**Айбынды Қызыл Армия жауынгерле-
рінің даңқы арта берсін!**

Жоғарғы Бас қолбасшының Бұйрығы

**2-Белорус майданы әскерлерінің қолбасшысы
Советтер Одағының Маршалы РОКОССОВСКИЙГЕ
Майдан штабының бастығы
Генерал-лейтенант БОГОЛЮБОВҚА**

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, бүгін 15 февральда, қатынас жолдарының ірі тораптары және ПОЛЬШАНЫҢ батыс жақ бөлегіндегі немістердің қорғанатын күшті тіректі бекіністері—ХОЙНИЦЕ (КОНИЦ) және ТУХОЛЯ (ТУХЕЛЬ) қалаларын ұрыспен алды.

ХОЙНИЦЕ және ТУХОЛЯ қалаларын алу ұрыстарында генерал-полковник ПОПОВТЫҢ, генерал-лейтенант ЛЯПИННІҢ, генерал-лейтенант ДРАТВИННІҢ, генерал-лейтенант ЧАНЫШЕВТИҢ, генерал-майор ГУСЕВТИҢ, полковник БЕЛЯЕВТИҢ, полковник МУРАТОВТЫҢ, полковник КАРПЕЛЮКТИҢ, полковник АСАФЬЕВТИҢ, полковник ФЕДОТОВТЫҢ әскерлері; генерал-лейтенант ОСЛИКОВСКИЙДІҢ, генерал-майор ЧЕПУРКИННІҢ, генерал-майор БРИКЕЛЬДІҢ, генерал-майор КАЛЮЖНЫЙДЫҢ атты әскерлері; артиллерия генерал-лейтенанты БЕСКИННІҢ, артиллерия генерал-майоры НЕФЕДОВТЫҢ, полковник ЛЕОНОВТЫҢ, полковник БАМОТИННІҢ, подполковник КУЛИМОВТЫҢ артиллерияшылары; танк әскерлерінің генерал-майоры ПЕТРУШИННІҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры ФИРСОВИЧТИҢ, генерал-майор ПАНОВТЫҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры ШУЛЬГИННІҢ, полковник ДРИЛЕНОКТИҢ, полковник ГОРДЕНКОНЫҢ, полковник МИРОНЕНКОНЫҢ, полковник ЮРЕВИЧТИҢ, подполковник ЛОМАКОВТЫҢ, подполковник ЛЕЛЮКТИҢ, подполковник ПЕТРОВТЫҢ танкішілері; полковник ВИНОГРАДОВТЫҢ, полковник КАЛУГИННІҢ, полковник РЫБАКОВТЫҢ ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-майоры ВИТВИННІННІҢ, полковник ДОБЫЧИННІҢ саперлері; подполковник ПРОСЕРОВТЫҢ, майор ЧУЙСКИЙДІҢ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, ХОЙНИЦЕ және ТУХОЛЯ қалаларын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 15 февральда, 21 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жыйырма төрт зеңбіректен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып, аталған қалаларды алған 2-БЕЛОРУС майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

ХОЙНИЦЕ және ТУХОЛЯ қалаларын азат ету ұрыстарына қатысқан Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

**Жоғарғы Бас қолбасшы
Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.**

1945 жылғы 15 февраль.

№ 280.

Совет Хабаршы бюросынан 15 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

15 февральда Шығыс Пруссияда КЕНИГСБЕРГТИҢ оңтүстік жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізді, бұл ұрыстардың барысында РОЗИТЕН, КУМКАЙМ, ГРОСТКЛАУЗИТЕН, ЛИБЕНТАЛЬ, ЛИХТЕНАУ, ЛОТТЕРФЕЛЬД, ЗОНВАЛЬДЕ, ХАЙНРИКАУ қыстақтарын алды.

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, 15 февральда қатынас жолдарының ірі тораптары және Польшаның батыс жақ бөлегіндегі немістердің қорғанатын күшті тіректі бекіністері—ХОЙНИЦЕ (КОНИЦ) және ТУХОЛЯ (ТУХЕЛЬ) қалаларын ұрыспен алды.

ПОЗНАНЬДА немістердің қоршауға алынған гарнизонын жою жөнінде ұрыстар жүргізілді. 15 февральда күн кешкіре әскерлеріміз ВАРТА өзенінің батыс жақ жағалауындағы қаланың едәуір бөлегін дұшпанынан тазартты. Бұл кезде неміс гарнизонының қолында ВАРТАНЫҢ батыс жақ жағалауындағы Цитадели ауданы, өзеннің шығыс жақ жағалауындағы қала маңындағы 4 қыстақ тұр еді.

1-УКРАИН майданының әскерлері шабуылды дамыта отырып, 15 февральда, қатынас жолдарының маңызды тораптары және немістердің қорғанатын қуатты тіректі бекіністері—неміс Силезиясының жерінде ГРЮНБЕРГ қаласын және Бранденбург провинциясында ЗОММЕРФЕЛЬД, ЗОРАУ қалаларын алды, сол сияқты 150ден аса басқа елді жерлерді, оның ішінде ЭЙХОЛЬДАУ, ШУВАЙНТУ, НАУМБУРГ, ГАССЕН, БЕНАУ, ВЕЛЛЕРСДОРФ, ТШИБСДОРФ үлкен қыстақтарын ұрыспен алды. 14 февральда бұл ауданда майдан әскерлері немістердің 2000нан аса солдаты мен офицерін қолға түсіріп, аэродромдарда дұшпанның 120 самолетін қолға түсірді.

БУДАПЕШТИҢ солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз БУДАПЕШТИҢ батыс жақ бөлегінен шығып кетіп, ормандарда қоршауға алынған және кіші-гірім бөлшектерге бөлініп тасталған дұшпанның әскер тобын жоюды аяқтауда болды. 14 февральда бұл ауданда әскерлеріміз дұшпанның 6850 солдаты мен офицерін қолға түсірді. Жаудан қолға түсірілген адамдардың ішінде жаудың Будапештегі әскер тобының шабуылшы артиллерия қолбасшысы генерал-лейтенант Бельницер, генерал-лейтенант Имре Каландри және генерал-майор Лем Беркович бар.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпыра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

14 февральда барлық майдандарда немістердің 90 танкі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 25 самолёті атып түсірілді.

1944 жылы мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарының орындалу қорытындылары және Қазақ ССР колхоздары мен совхоздарында мал қыстатудың барысы туралы

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің XII пленумының қаулысы

(Басы «Ленин туының» 16 февральдағы санында).

9. Бірсыра колхоздарда төлдейтін малды сақтау үшін күрес жоқтығын, колхоздардың ет есебіне сыйырларды, қашарларды, саулықтарды өткізуі көп кездесіп отырғанын, осының салдарынан 1944 жылы сыйыр мен саулық саны азайып кеткенін атап көрсетіп, КК(б)П Орталық Комитетінің пленумы партия, комсомол, совет ұйымдарына, жер және совхоз мекемелеріне, колхоз басқармаларына төлдейтін малдың барлық түрін сақтау үшін батыл күрес жүргізуді, сыйырлар мен саулықтардың төл өндіретіндерін зоотехниктер мен мал дәрігерлері мүлдем жарамсыз деп тапқандарынан басқаларын бражка шығаруға жол бермеуді міндеттейді.

10. КК(б)П Орталық Комитетінің пленумы, облыстық, аудандық партия комитеттеріне, облыстық, аудандық атқару комитеттеріне Одақтық—Халық Комиссарлары Советінің 1942 жылғы 11 сәуірінің «Колхоздар мен совхоздарда төлді аман өсіру және мал санын арттыру шаралары туралы» қаулысын мұлтіксіз орындау негізінде 1945 жылы қорамдық малды ішкі шаруашылық керектеріне жұмсауды батыл азайту, қорамдық малды союға, сатуға колхоздарға аудандық жер бөлімдерінің рұқсат беруінің дұрыстығын қатаң бақылауды міндеттейді. КК(б)П Орталық Комитетінің пленумы көп колхоздарда қорамдық малды талан-таражға салуды тоқтату үшін күрес жүргізу орнына, оларды колхоздың өтүрді ішкі керектеріне жұмсау орын тепкенін, мемлекетке басқа ауыл шаруашылық өнімдерін тапсыру міндеттемесін орындауда малды бақылаусыз өткізе салу кездесіп отырғанын, ал бірсыра жерлерде колхоз басқармалары партия, совет, жер және дайындау орындары мемлекет алдындағы міндеттемені тапсырылған қағазда көрсетілген ауыл шаруашылық өнімнің өз түрінен орындау жөнінде ешбір шара қолданымайтынын мүлдем түзуге болмайтын кемшілік деп танып, бұған мүлдем жол бермеу қажет деп көрсетеді.

11. Мал санын арттырудың мемлекеттік жоспарын толық және асыра орындау үшін колхоз жыйылыстарында колхоздың мал шаруашылығын өркендету жоспарларын талқылау, оны дұрыс жасау ісінің маңызы өте-өте зор екенін, мұның өзі барлық колхозшылардың назарын мал шаруашылығын өркендету жөніндегі мемлекеттік тапсырмаларды асыра орындауға жұмылдыратынын, бұған ынталы ететінін ескеріп, КК(б)П Орталық Комитетінің пленумы Қазақ ССР Жер Халық Комиссариатына, КК(б)П облыстық, аудандық комитеттеріне, облыстық, аудандық атқару комитеттеріне барлық колхоздарда 1945 жылы мал шаруашылығын өркендету жоспарын дер кезінде және дұрыс жасауды қамтамасыз ету ісіне ерекше назар аударуды міндеттейді.

Колхоздардың жоспарын жасағанда әрбір колхоздың мал өсімі арттыруға және колхозшылардың еңбек күшіне бөлу үшін жоспардан тыс өсірілген мал санын көбейтуге керекті тиісті қарлар мен мүмкіншіліктерінің бәрін неғұрлым толық ескеру қажет.

Мал өсіру жоспарларын жасауға, оның колхозшылардың жалпы жыйылысында талқылануына қатысу үшін барлық колхоздарға КК(б)П облыстық, аудандық, комитеттері бюрократияның мүшелері, облыстық, аудандық атқару комитеттерінің мүшелері, сол сияқты облыстық, аудандық партия совет ұйымдарының басқа да басшы қызметкерлері жіберілетін болсын, бұл қызметкерлерге қорамдық мал шаруашылығын өсірудің артта қалу себептерін және республика колхоздарының алдына партия мен үкімет малдың санын арттыру, мал шаруашылығының санасын оңдау жөнінде қойып отырған міндеттерді колхозшыларға толық және ұғымды тілмен түсіндіру міндеті жүктелсін.

12. ССРО Халық Комиссарлары Советінің 1944 жылғы 24 мамырдағы жоспардан тыс жас төл мен ірі малды өсіргені және аман сақтауы үшін мал өсіруші колхоздың еңбегіне қосымша ақы есептеліп төлеу туралы қаулысының ерекше маңызы бар екенін атап көрсетіп, пленум КК(б)П аудандық комитеттеріне, аудандық атқару комитеттеріне, ауыл-селолық советтерге, колхоздардың бастауыш партия, комсомол ұйымдарына бұл аса маңызды қаулының дұрыс қолданылуын бақылап отыруды міндеттейді.

КК(б)П облыстық, аудандық комитеттеріне, облыстық, аудандық атқару комитеттеріне 1945 жылғы март айында барлық аудандарда жас төлді өсіру және ірі малды аман сақтау жөніндегі тапсырмаларды асырып орындауын үшін, сол сияқты мал-

дың өнімін арттыру жөніндегі тапсырмаларды асырып орындауын үшін колхозшылардың еңбегіне қосымша ақы есептеліп төлеу тәртібі туралы колхоз бухгалтерлері мен есепшілерінің семинарларын өткізу міндет етілсін.

13. Республиканың колхоз, совхоздарында жылқы және түйе шаруашылығын батыл өркендету мақсатымен, КК(б)П Орталық Комитетінің пленумы Қазақ ССР Жер Халық Комиссариаты мен Совхоздар Халық Комиссариатына, КК(б)П облыстық, аудандық комитеттеріне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне мыналарды міндет етеді:

а) Колхоздар мен совхоздардағы биелердің бәрі тезінен үйірлеп, табындап бағуға көшірілсін, жеке аудандарда колхозаралық табындар құрылсын;

б) Жұмыс аттарын барып, күтудегі, әсіресе пайдалану жөніндегі несіздікті жоюға батыл шаралар қолданылсын, бұл жөнінде ССРО Халық Комиссарлары Советі мен КК(б)П Орталық Комитетінің 1943 жылғы 12 мамырдағы «Колхоздар мен совхоздарда жылқыны көбейту, оның күшін, бырып-қағылуын жақсарту шаралары туралы» қаулысының бұйықпай орындалуы қамтамасыз етілсін;

в) Энергетика, транспорт орындарындағы және басқа ұйымдардағы жұмыс аттарының жей-күйі бақыланып отыратын болсын, мұның үшін жылқы шаруашылығының мемлекеттік инспекциясы қызметкерлерінің және жер бөлімдері мамандарының күшімен жоғарыда көрсетілген ұйымдардағы аттардың бағып, күтілуі және пайдаланылуы үнемі тексеріліп тұратын болсын;

г) 1945 жылы бестен артық інгендері бар барлық колхоздарда, кемінде 10 інгені бар совхоздарда түйе фермалары ұйымдастырылсын.

д) Барлық шаруашылықтарда інгендердің қайтылуы қатты бақыланатын болсын.

14. КК(б)П Орталық Комитетінің пленумы барлық партия, комсомол, совет ұйымдарынан, жер бөлімдерінен, КК(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылғы 11 сәуірінің қаулысына сәйкес, 1945 жылғы колхоздағы малдың барлық шаруашылықтардың малдандырылуын қамтамасыз етуді, жеке пайдалануындағы малдарын одан әрі көбейту және сақтау жөнінде колхозшыларға толық көмектесіп отыруды талап етеді.

15. КК(б)П Орталық Комитетінің пленумы жер бөлімдерінен, партия совет ұйымдарынан мал дәрігерлік жұмысының бәрін, малды отарлап бағуды өркендету талаптарына сай қайта құруды, мұның үшін 1945 жылғы 1 сәуірінен бастап аудандарда төменгі мал дәрігерлік орындарын қайта бөліп, қайтадан орналастыруды, сойтіп оларды жаңғы және қысқы жайылым учаскелеріне жақындатуды талап етеді.

1945 жылғы малдың ауыл-сарып, қышыма қотыр және ала-өкпе індеттерін толық жоюды мақсат етіп барлық партия, совет ұйымдары мен жер бөлімдеріне мал дәрігерлік жұмыстары жөнінде басты міндет етіп жүктелді.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советіне, малды отарлап бағуды кеңінен қолдануға бағынатын мал дәрігерлік қызметі алдымен қойылған және міндеттерге сай Жер Халық Комиссариатының мал дәрігерлік орындарын нығайту шараларын белгілеу тапсырылсын.

16. Республикада тұқымдық мал өсіру жұмысын негізінен жақсарту және малдың өнімін арттыру мақсатымен, пленум КК(б)П Орталық Комитетінің бюросы мен Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советіне тұқымдық мал өсіретін мемлекеттік шаруашылықтар мен колхоздардың тұқымдық мал фермаларының жұмысын негізінен жақсартуды қамтамасыз ететін шараларды белгілеп басқаруды тапсырады, бұл шаралар мынадай жұмыстардың жүргізілуін көздейтін болсын:

а) Тұқымдық мал өсіретін мемлекеттік шаруашылықтар тиісті мамандармен толықтырылсын;

б) Тұқымдық мал өсіретін фермалар көбейтілсін, тұқымдық мал фермалары бар колхоздарға тұқымдық жас төл өсіру жөнінде талсымалар берілсін.

в) Тұқымдық малдың құнарлы азық, жемі жөніндегі қажетін толық өтеу үшін колхоздарда малға азықтық егістер егілетін болсын;

г) Қазақстанның мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты мен тәжірибе станциялары жанында тұқымдық мал өсіру зоотехниктерін даярлайтын және олардың білімін толықтыратын тұрақты курстар ашылсын;

д) Тұқымдық малдың документтерін жасауға және оның өнімін есепке алып отыруға керекті түрде бланкалар бастырылсын.

17. Республиканың колхоздары мен совхоздарында малдың ет, сүт және жүн өнімін мейлінше арттыру мақсатымен, КК(б)П Орталық Комитетінің пленумы Қазақ ССР Жер Халық Комиссариаты мен Совхоздар Халық Комиссариатына, КК(б)П облыстық, аудандық комитеттеріне, облыстық, аудандық атқару комитеттеріне колхоз басқармаларына және совхоз директорларына міндет етеді:

а) Көктемгі жайылым маусымының басынан мал өсіретін үлкен колхоздардың бәрінде семіртуге арналған мал гүрттері мен отарлары, ал ұсақ колхоздарда колхозаралық гүрттері мен отарлар ұйымдастырылсын, малды семіртуге суы мол, шөбі жақсы жайылымдар берілсін, малдың ашылауына жеткілікті түз өкелінсін;

б) Мал қолда тұратын маусымда сауын сыйырлар жақсы асыралсын, далада жайылатын маусымда сауын сыйырлар дұрыс жайылатын болсын, жазда күні түнде жаю және 3—4 мезгіл сауру тәртібі қолданылсын;

в) Қойдың көктемгі жабағы күзегі мен күзгі күзегі мезгілінде өткізілетін болсын, әсіресе қойы көп колхоздарда бұған жеткілікті адамдар бөлінсін;

г) Малдың өнімін алу және оны жұмсау есебінің жоғра қойылуын батыл жақсартуға тиісті шаралар қолданылсын, колхоздардың тексеру комиссияларына әрбір колхоз фермасындағы малдың өнімін жұмсауды кемінде әрбір тоқсан сайын бір рет тексеріп отыру міндет етілсін;

д) Мал өнімінің, әсіресе тері мен жүннің ысырап болуын жоюға тиісті шаралар қолданылсын. Тері мен жүннің колхоз складтарында ұзақ сақталуына жол берілмесін, олардың дайындау орнына мезгілінде тапсырылуы қамтамасыз етілсін.

18. Семей, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарының мал өсіретін бірсыра аудандарында мал шаруашылығын өркендетудің қанағаттанғысыз болып отырғанын, бұл аудандардың колхоздарында мал басын өсіріп ССРО Халық Комиссарлары Советінің 1944 жылғы 12 мамырдағы мал басын таяудағы 3—4 жылдың ішінде екі есе көбейту туралы нұсқауының орындалуын қамтамасыз етпейтін КК(б)П Орталық Комитетінің пленумы атап көрсетіп, мал шаруашылығы аудандарының КК(б)П аудандық комитеттерінің бірінші секретарьлары мен аудандық атқару комитеттерінің председателдерінен 1945 жылы мал шаруашылығын өсірудің негізін жақсартылуын қамтамасыз етуді талап етеді.

Мал шаруашылығы аудандарында мал шаруашылығы мәселелеріне күнбе күнгі басшылық және оған тікелей жауаптылық КК(б)П аудандық комитеттерінің бірінші секретарьлары мен аудандық атқару комитеттерінің председателдеріне жүктелсін.

19. КК(б)П Орталық Комитетінің пленумы барлық партия, комсомол, совет ұйымдарына, жер және совхоз орындарына мал шаруашылығын Қазақ ССР ауыл шаруашылығының негізгі саласы екенін, сондықтан шаруашылықтың қай түріне болса да мал шаруашылығын өркендету мәселелеріне партия, комсомол, совет ұйымдары, жер және совхоз орындары ерекше көңіл бөліп отыруға тиіс екенін ескертеді.

Мал шаруашылығын өркендетуді үнемі бақылап отыру мақсатымен, КК(б)П аудандық комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне әр айдың 10-нан қалдырмай өздерінің мүлкістерінде мал басын көбейту, сол сияқты малдың өнімін арттыру жағынан мал шаруашылығын өркендетуін қамтамасыз ететін шараларды талқылау салу, бұл істегі кемшіліктерді жоюға тиісті шаралар қолдану, мал шаруашылығын өркендету жөнінде артта қалған колхоздарды алдыңғылар қатарына жеткізу міндеттелсін.

20. Сүт, бызыра және малдың басқа бірсыра өнімін тапсыру жөнінде республиканың көп колхоздары өздерінің мемлекет алдындағы міндеттемелерін 1944 жылы орындалмағанын атап көрсетіп, КК(б)П Орталық Комитетінің пленумы КК(б)П облыстық, аудандық комитеттеріне, облыстық, аудандық атқару комитеттеріне, ауыл-селолық советтерге, колхоздар мен совхоздардың басшыларына 1945 жылы мал шаруашылығын өсірудің дайындау жоспарларының әрбір колхоз мен совхозда өнімінің әр түрінен сөзсіз орындалуына тиісті шаралар қолданылуы міндет етеді.

21. Колхоздардың едәуір қосымша табынының қоры болып отырған ұсақ мал шаруашылығын өркендетілуі мүлде қанағаттанғысыз екенін атап көрсетіп, КК(б)П

Орталық Комитетінің пленумы Қазақ ССР Жер Халық Комиссариаты мен Совхоздар Халық Комиссариатына, құс және бал араларын бұдан әрі неғұрлым көбейтуге батыл шара қолдануды, 1945 жылғы колхоздар мен совхоздарда ұсақ мал шаруашылығын өркендету жоспарының қандай жағдайда болса да орындалуын қамтамасыз етуді міндеттейді.

22. КК(б)П Орталық Комитетінің пленумы мал шаруашылығының көпшілік мамандығы қызметкерлері және мал шаруашылығы мамандарын даярлау жұмысының жөйі мүлде қанағаттанғысыз деп танып, Қазақ ССР Жер Халық Комиссариаты мен Совхоздар Халық Комиссариатына, КК(б)П облыстық, аудандық комитеттеріне облыстық және аудандық атқару комитеттеріне мал шаруашылығының көпшілік мамандығы қызметкерлерін даярлау ісін тәртіпке салуды, мал шаруашылығы қызметкерлерін даярлайтын жылдық мектептер мен совхозаралық мектептердің жұмысты мұлтіксіз атқаруын қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлуі міндеттейді.

23. КК(б)П Орталық Комитетінің пленумы, КК(б)П облыстық, аудандық комитеттеріне мал өсіруші колхозшылар арасындағы көпшілік-саяси жұмысты батыл жақсартуды міндеттейді, мұның үшін:

а) Колхоздардың, совхоздардың бастауыш партия ұйымдарының мал шаруашылығына басшылығын жақсартуға тиісті шаралар қолданылсын, КК(б)П облыстық, аудандық комитеттерінің бюросында, әсіресе үлкен колхоздардың бастауыш партия ұйымдары секретарьларының мал шаруашылығы жөнінде баяндамалары үнемі қаралып, талқыға салынып отыратын болсын;

б) Мал өсіруші колхозшыларға саяси мағлұмат беріп отыру үшін, малды отарлап бағу учаскелеріне аудандар мен облыстардың басшылық қызметтегі партия, совет қызметкерлері жіберіліп тұратын болсын;

в) 1945 жылғы февраль—март айларында республиканың барлық аудандарында Советтер Одағының соғыс-саяси және халықаралық жайы туралы мәселелер, КК(б)П Орталық Комитетінің XII пленумының қарарларына байланысты, мал өсіруші колхозшылар арасында көпшілік-саяси жұмысын жүргізу мәселелері жөнінде үгітшілер табының басшылары мен үгітшілердің 5 күндік (аудандық немесе колхозаралық) мектеп-семинарлары өткізілсін.

24. Қазақ радио Комитетіне, ҚазТАГқа, республикалық, облыстық және аудандық газеттердің редакторларына баспа сөз бетінде және радио арқылы республиканың колхоздары мен совхоздарында мал шаруашылығын өркендету мәселелерін баяндауын жақсарту, алдыңғы қатарлы колхоздардың, совхоздардың және мал шаруашылығы алдыңғы қатарлы адамдарының жұмыс тәжірибесін кеңінен көрсету міндеттелсін.

25. Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің мақсатына көркем өнер және кинофикация Басқармаларына, әсіресе малды отарлап бағу учаскелеріндегі мал өсіруші колхозшылардың мәдени қажетін өтеуді жақсартуға нақтылы шаралар қолдану міндет етілсін.

КК(б)П Орталық Комитетінің XII пленумы барлық колхозшылар мен колхозшы әйелдерді, совхоз жұмысшылары мен жұмысшы әйелдерін, мал шаруашылығының мамандарын, жер және совхоз орындарының қызметкерлерін, партия, комсомол және совет ұйымдарынан мал шаруашылығын өркендету, малдың өнімін арттыру қарқынын күшейту күресіне неғұрлым белсенділік және жігерлік көрсетуге, социалистік жарысты кеңінен өрістетіп негізінде мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын толық және асырып орындауға, мал шаруашылығы өнімін барлық түрін мемлекетке мерзімінен бұрын тапсыруға шақырады.

КК(б)П Орталық Комитетінің пленумы Отан соғысы майдандарында қаһарман Қызыл Армияның ұлы жетістіктерін жетерленген колхозшылар мен колхозшы әйелдер, совхоз жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, мал шаруашылығының мамандары, жер және совхоз орындарының қызметкерлері партия және совет ұйымдарының басшылығымен 1945 жылы социалистік мал шаруашылығын өркендету ісінде жаңа табыстарға жететіндігіне, сойтіп, Гитлер Германиясын біржолата талқандау ісінде Қызыл Армияға көмегін одақ сайын күшейтіп, Қазақ Советтік Социалистік Республикасының даңқты 25 жылдығын лайықты түрде қарсы алатындығына сенетінін білдіреді.

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ